Дәріс 4. Этнологияның ғылым ретінде пайда болу тарихы

Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова

Дәріс жоспары:

1. Этнология ғылымының қалыптасуына дейінгі кезең (алғашқы этнографиялық мәліметтер).
2. Германияда этнология ғылымының дамуы.
3. Англия және АҚШ-та этнологияның дамуы.
4. Франция мен Ресейде этнология ғылымының қалыптасуы.
5. Ресейдің этнологиялық мектебі және оның өкілдері:Д.Н. Анучин, В.Г. Богараз, Л.Я. Штернберг, Н.Н. Миклухо-Маклай, С.А. Токарев, С.П. Толстов, С.И. Руденко, Н.Н. Чебоксаров, Ю.В. Бромлей және т.б.
6. Қазақстанда этнология мектебінің қалыптасуы және дамуы:А.Х. Марғұлан, Н.С. Сабитов, Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, У.Х. Шалекенов, А.Т. Төлеубаев, С.И. Әжіғали, Ж. Артықбаев, Н.Ж. Шаханов және т.б.

Мақсаты:

Білім алушыларға этнология ғылымының қалыптасу тарихын және оның негізгі ғылыми мектептерін таныстыру. Әртүрлі елдердегі этнологиялық зерттеулердің даму ерекшеліктерін түсіндіру. Сонымен қатар Ресей және Қазақстандағы этнология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін қарастыру

Міндеттері:

Этнография ғылымының негізгі міндеттері:

1. *Әртүрлі халықтардың шығу тегі мен этникалық құрамын зерттеу.*
2. *Халықтардың материалдық және рухани мәдениетін жан-жақты талдау.*
3. *Тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, дәстүрлердің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін анықтау.*
4. *Этникалық процестерді (ассимиляция, интеграция, этногенез) зерттеу.*
5. *Халықтар арасындағы мәдени байланыстар мен өзара ықпалды талдау.*
6. *Қазіргі қоғамдағы этникалық мәселелерді ғылыми тұрғыда түсіндіруя*

Өзектілігі:

Этнография ғылымының өзектілігі қазіргі жаһандану жағдайында ерекше арта түсуде. Әлем халықтарының мәдениеті, тілі, дәстүрі бір-бірімен тығыз байланысқа түсіп, кейбір ұлттық ерекшеліктердің жойылып кету қаупі туындауда. Осындай жағдайда этнография халықтардың тарихи-мәдени мұрасын сақтауға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және мәдени әртүрлілікті зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, этнографиялық зерттеулер ұлтаралық қатынастарды реттеуде, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Этнографияның ғылым ретінде қалыптасуы:

Этнографияның ғылым ретінде қалыптасқан уақыты XIX кезеңіне тура келеді. Ол табиғаттану ғылымының табыс-на, сол заманның прогресшіл ғалымдарының мета физикалық шіркеу ережелерін эволюциялық ілімнің дамуына қарсы қоюына байланысты.

Ғылыми ілімнің қай саласы болмасын адамның практикалық қажеттілігімен байланысты жүздеген ғасырлар бойы адамдар жөнінде этнографиялық мәліметтер жинақталды. Ол мифті, ертегі, аңыз, т.б.Антикалық дәуірде алыстағы халықтар жөніндегі мәліметтер көп болып, сондықтан Ежелгі Грецияда, Ежелгі Римде осы ілімдерді жүйеге келтіруге ұмтылыс байқалды. Ол алғашқы этнографиялық сипаттамалар еді. Оларға тән белгі этноцентриум, халықты мәдениеттің дамуына қарай цивилизованный және жабайы.

Әртүрлі елдердегі этнология ғылымының дамуы

Ерте ортағасырда демографиялық экологиялық және әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде Батыс Европада этнографияның ілімге деген қызығушылық төмендейді де керісінше Византияда, Қытайда және Араб Шығысында бұл ілімнің сақтау, даму орталығына айналады.

Германия

Германияда этнология ерте қалыптасты. XIX ғасырда «этнология» және «халықтану» (Volkskunde) терминдері қатар қолданылып, синоним ретінде қарастырылды. Неміс ғылымында халықтың мәдениеті мен тұрмысы кеңінен зерттелді.

Ұлыбритания

Ұлыбританияда этнология антропологияның бір бөлігі ретінде дамыды. Антропология ұғымын алғаш енгізген ғалым ретінде Отто Гасманн аталады. Кейін әлеуметтік антропология бағыты қалыптасып, оны ғылыми айналымға Джеймс Фрэзер енгізді.

АҚШ

АҚШ-та этнология кешірек дамыды. Оның негізін Генри Льюис Морган қалады. Ол туыстық жүйелерді, отбасы мен некені зерттеп, адамзат тарихын кезеңдерге бөлді. Кейін Франц Боас мәдени антропология бағытын дамытып, халықтардың мәдени ерекшеліктерін зерттеуге басымдық берді.

Ресей жеріндегі этнологияның дамуы :

Ресейде этнология ғылым-ң дамуы. Этникалық процестерге қызығушылық Ресейде XYIIIғ 11 кезеңінен п/б. Жеке ғылым ретінде п/б. Ресейде X1Y ғ орта кезеңіне жатады.Орыс этнология-ң п/б 1846ж Орыс геогр-ң қоғам-ң пайда болуымен байланысты. Осы жылы этнография бөлімінің төрағасы К.М.Бэр программалық баяндамасымен. Жалпы этнографиялық зерттеулер жөнінде Ресейдегі және ондағы ерекшеліктер.

Орыс ғылымында М. Маклодтың орны ерекше. Ол адамзаттың бірлігін, барлық нәсілдермен халық-ң физикалық және психикалық теңдігін негіздеді. Кеңес дәуірі кезеңінде отандық этнол-ң дамуы ұлтаралық қатынастарды зерттеу болды. Осы дәуіірдегі этнограф-ға В.Г.Багороз, М.Ф Преображенский, С.А.Толстов, Б.А.Куфтин, С.И. Руденко, Н.Н. Чебоксаров, С.А.Токарев, Ю.В. Бромлей, т.б. ХХғ 70-80ж. Л.Н Гумилевтің этногенезі жөніндегі концепциясы. Этнология басқа ғылыммен де байланысты болады

Ресейде халықтардың құрамының ерекшелігіне, әлеуметтік экономикалық және мәдени дамуының айырмашылықтарына байланысты «этнография термині қабылданған. Соңғы кезеңде бұл терминнен бас тартып отыр. Себебі европалық елдердің көпшілігінде Америкада этнография деп халықтың тек материалдық және рухани мәдениетін сипаттау және сол жөнінде материал жинау деп қана түсінеді.

Эволюциялық теорияның әсері:

Этнография ғылымының дамуына жаратылыстану ғылымдары ерекше әсер етті. Чарльз Дарвин, Эрнст Геккель, Томас Гексли сияқты ғалымдар эволюциялық теорияны дамытып, адамзат пен мәдениетті зерттеудің ғылыми негізін қалады. Бұл теория әртүрлі халықтарды салыстырмалы түрде зерттеуге мүмкіндік берді.



Чарльз Дарвин
1809-1882

Қорытынды:

Алғашқы қауымдық және жартылай алғашқы қауымдық европалық емес халықтар жөніндегі ғылымның пайда болуы XYIII ғ аяғы XIX ғ алғашқы жартысындағы жаратылыстану ғылымының пайда болуына байланысты. Ұлы жаратылыстанушылар Ж.Кювье, Ж.Б.Лонарис, Ч. Дарвин,Т.Г. Гексел, Э.Геккель және т.б табиғат құбылыстарының даму тарихының эволюциялық теориясын құрды. Дарвиннің, Геккелдің, Гексилдің еңбектері антропологияның негіздері мен алғашқы қауымдық қоғам туралы ілімнің негізін қалады. Эволюциялық ілім европалық емес хал-ды салыстырмалы түрде зерттеу үшін қабылданды, сөйтіп этнографияның теориялық базасын құрды. Дүние жүзілік соғыстан кейін Англияда АҚШ-та эволюционизм теориясын жаңғыртушылар неоэволюционизм Лесли Уайт, Дж Стюарт, Дж.Мердок пайда болды. Американ этнологиясында Морганға қайта оралу тенденциясы бағыт ала бастайды.

X1Yғ-да дамыған европа елд-де антропол-ң қоғамдар көптеп п/б X1Yғ ортасында бас сүйектермен склеттерді зерттеу нәтижесінде адамзат пен мәдениет тарихын реконструкциялау міндетін қойды. Сонымен антропология құрамында әлеуметтік антропология ғылыми бағыты деген ат алды. Оны 1906ж Джеймс Фрезер енгізді. Қазірде осылай аталды.



Бақылау сұрақтары:

1. Этнология ғылымының қалыптасуына дейінгі кезеңде этнографиялық мәліметтер қандай дереккөздерде сақталған?
2. Этнология ғылымының жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуына қандай факторлар әсер етті?
3. Германиядағы этнология ғылымының дамуының ерекшеліктері қандай?
4. Англия және АҚШ-та этнология ғылымы қандай бағытта дамыды?
5. Ресейдегі этнология ғылымының қалыптасуына қандай ғылыми мектептер мен ғалымдар ықпал етті?
6. Қазақстанда этнология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдарды атаңыз.